

**«Мұражай жәдігерлері не дейді»
республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. «Ұрпақ+» мәдени-білім беру жобасын іске асыру аясында жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізілетін «Мұражай жәдігерлері не дейді» республикалық интернет-байқауының (бұдан әрі - Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім беру ұйымдарындағы мектеп мұражайының мәнін арттыру, өскелең ұрпаққа мұражай ықпалының педагогикалық мазмұнын, әдістемелері мен формаларын жетілдіру.

3. Міндеттері:

1) білім алушылардың дүниетанымын кеңейту, танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін, әлеуметтік белсенділіктерін тәрбиелеу;

2) білім алушылардың бойында іздену, ғылыми-зерттеу жұмыстары дағдыларын қалыптастыру;

3) педагогтер мен білім алушыларды мектеп мұражайларының түрлі қызметтеріне тарту арқылы мұражай педагогикасын дамытуға жағдай жасау;

4) тарих және мәдениет естеліктеріне деген ұқыпты қарым-қатынасты қалыптастыру.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау жұмыстары электронды түрде **2016 жылғы 13 сәуірден 19 мамырға дейін** spo.museum@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

2016 жылғы 19 мамырдан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздың жетекшілеріне алғыс хаттар **2016 жылғы 23 мамырда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

7. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ-та жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды мен пікірлер берілмейді.

8. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **1500 (бір мың бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

Иик KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: «Мұражай жәдігерлері не дейді» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету қажет.

Байқауға қатысу үшін spo.museum@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;
- 2) сканерден өткізген төлемақы құжаты немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрдегі байқау жұмысы.

3. Байқау талаптары

9. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 8-17 жас аралығындағы білім алушылары қатысады.

Байқау келесі жас санаттары бойынша өткізіледі:

- 1) кіші жас тобы: 8-10 жас;
- 2) орта жас тобы: 11-14 жас;
- 3) жоғары жас тобы: 15-17 жас.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. **«Мұражай жәдігерлерінде қандай сыр жатыр» номинациясы** - зерттеу жұмысы.

Бұл номинация түрлі көзқарастардың болуын, зерттеу дағдыларын қолдануды болжайды: бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалаларды талдау, сауалнама жүргізу, сұрақтар қою, интервью алу. Жұмыс А4 форматында, қаріпі – 14, жоғары интервал – біркелкі, компьютерлік басудың негізгі ережелерін сақтай отырып, электронды нұсқада ұсынылады.

Ұсынылатын материалдардың көлемі басылған 2 беттен аспауы тиіс. Қосымшалар көлемі 1 МБ аспауы тиіс.

2. **«Өткеннің құпияларына саяхат» бейнеролик номинациясы.**

Байқауға анимациялық, қойылым түсірілген бейнеролик, телефон немесе видеобақырауға түсірілген жұмыстар қабылданады. Фильмнің сюжеті археологиялық ескерткіштер туралы. Қабылданатын пішімдер: MPEG1, MPEG2, WMV, AVI. Байқау жұмыстарының ұзақтығы – 3 минутке дейін. Бейнесюжеттің басында жұмыстың аталуын, автордың фамилиясын, атын, жасын, білім беру ұйымын, e-mail, облысы, ауданын (қаласын), ауылын көрсету қажет.

11. Байқау материалдарын бағалау өлшемдері:

- 1) ақпаратты жеткізудегі деректілігі, нақтылығы;
- 2) қисынды жүйелілігі;

- 3) сөз сөйлеу мәдениеті, әртістілігі;
- 4) ақпаратты жеткізудің соны тәсілдері;
- 5) композициялық және түстік шешімі;
- 6) сандық өңдеудің сапасы.

3. **«Отбасылық жәдігер» номинациясы.** Байқауға отбасылық жәдігер, оның шығу тарихы туралы әңгіме ұсынылады.

Отбасылық жәдігер дегеніміз – бір отбасының ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын құжаттары, суреттері, марапаттары, сәндік қолданбалы өнер туындылары, түрлі тақырыптағы жинақтамалары болуы мүмкін.

Әңгіме көлемі А 4 форматындағы 1 беттан аспауы тиіс, аралық жол – 1,5, шрифті – Times New Roman 14.

12. Байқау материалдарын бағалау өлшемдері:

байқау тақырыбына сәйкес болуы;

жасына сәйкес болуы;

сюжеттің түпнұсқалығы және авторлық ұстанымы;

елестету байлығы және автордың шығармашылық тәсілі;

байқау жұмысын сауатты және эстетикалық түрде ресімдеу.

Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр қатысушыдан әр номинацияға бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде бөлек ақша төленеді.

13. Байқау жұмысының титул парағында келесілер көрсетіледі:

облысы, аудан (қала), ауылы;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау және номинациясының аталуы;

автордың аты-жөні;

қатысушының жасы;

e-mail, байланыс құралдары;

Жетекшісінің аты-жөні.

14. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау

15. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

16. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификат беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 249 303 («Мұражай жәдігерлері не дейді» байқауы).

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: www.ziyatker.org → Орталық қызметі → Республикалық іс-шаралар → «Мұражай жәдігерлері не дейді» байқауы → әрі қарай).